

Қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама №1

Өткен күні: 17.11.2023 ж.

Өткен орны: Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектебі

Қатысқандар:

1. Нурманова Асем Аргиновна
2. Абишева Макпал Жанатовна
3. Бәри Ғабдолқапар Жапарұлы
4. Бегжанова Алтын Каиркеновна
5. Ёлеуке Аружан Жақсылыққызы
6. Рамазанова Сағыныш Ғабдулғазизовна
7. Рахимжанова Гульмира Шамгановна
8. Сенкибаева Алия Сериковна
9. Сердалинова Сымбат Даулатовна

Шақырылғандар: 2

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.К. Рахметова
2. Әлеуметтік ұстаз А.Ж. Бейсенбаева

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау/ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері
2. Қамқоршылық кеңесі туралы жалпы ережелермен таныстыру/
А.А. Нурманова, Н.К. Рахметова - ДТІЖО
3. Аз қамтылған отбасында тәрбиеленушілерге көмек көрсеті жолдарын қарастыру, мұғалымдермен бірлескен жұмыс. (Жәрмеңке ұйымдастыру)/ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері, А.Ж. Бейсенбаева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді іріктеу кезінде орта білімінің болуы, кәсіби білімі, құзыреттілігі, іскерлік беделі ескерілді. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің арасынан отырыста көпшілікпен ашық дауыс беру арқылы, Нурманова Асем Аргиновна Қамқоршылық кеңестің төрайымы болып сайланды. Төрайым Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшелері Қамқоршылық кеңесі туралы жалпы ережелермен таныстырылды. Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары "Білім туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңесінің қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды. Қамқоршылық кеңес орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарының дамуына ықпал ететін және білім беру ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялылық пен шынайылық.

Қамқоршылық кеңес мүшелері өз қызметінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;
- 2) өз қызметін білім беру ұйымымен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асыруға міндетті.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

Үшінші сұрақ бойынша Аз қамтылған отбасында тәрбиеленушілерге көмек көрсеті жолдарын қарастыру, мұғалымдермен бірлескен жұмыс және ұйымдастырылған жәрмеңке туралы әлеуметтік ұстаз А.Ж. Бейсенбаева сөз алды. Жыл сайын еліміздің барлық аймақтарында 2023 жылдың 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізіледі. Осы акция барысында біздің мектебіміздің 59 оқушысына қаражаттық көмек көрсетілді. Заңды өкілдерден қабылданған өтініштер, сондай-ақ отбасының материалдық жағдайының мәртебесін растайтын қоса берілген құжаттар алқалы түрде қаралды. 24 баланың құжаттары қамқоршылық кеңес ұсынысымен өтті. Одан басқа мемлекеттік мекеме басшыларына, шаруа қожалықтарының басшыларына және жеке кәсіпкерлерге көмек көрсету үшін өтініштер жолданды. Көмекке мұқтаж отбасылар туралы мәліметтер базасы жасалды. Нәтижесінде жеке кәсіпкермен 5 балаға дүкеннің 10 мыңға сертификат табысталды. Кәсіпкер 3 балаға 50 мың теңге қаржылай көмек көрсетті. 10 балаға ТОО Агродар басшысы 300 000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Халық банк 3 балаға канц.заттармен көмек жасады.

Осы оқу жылда 64 бала тегін тамақта, оның 16 баланың құжаттары қамқоршылық кеңесі шешімімен ҚББ ұсынылды.


Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасына Нурманова Асем Аргиновнаны сайлау.
2. Аз қамтылған отбасында тәрбиеленушілерге көмек көрсетуді жалғастыру.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын одан әрі жандандыру.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Нурманова Асем Аргиновна

Хатшы:  Бөкен Гүлдана Әлібекқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:



Бегжанова Алтын

Абишева Макпал Жанатовна
Бәри Ғабдолқапар Жапарұлы
Бегжанова Алтын
Каиркеновна





Елеуке Аружан
Жақсылыққызы
Рамазанова Сағыныш
Габдулгазизовна
Рахимжанова Гүльмира





Шамгановна
Сенкибаева Алия Сериковна
Сердалинова Сымбат
Даулатовна